

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 11 (863) 11 наурыз 2022 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

АТАУЛАРДЫҢ БІРІЗДІ БОЛУЫ – МЕМЛЕКЕТТІҢ МӘСЕЛЕСІ

Көрнекі ақпараттың мемлекеттік тілде жазылуы туралы, жалпы көрнекі ақпарат туралы заңға Қазақстан территориясындағы осындай ақпараттардың мемлекеттік тілде жазылуын талап ету туралы баптардың енгізілуі бұл кейбіреулер ойлағанындай, тек қана қазақ тілі үшін, қазақтілді қауымдастық үшін пайдалы болған заң емес. Шын мәнінде, ол қазақ тілі үшін жағымды жаңалық емес. Бұл жалпы маңызды стратегиялық мәселе. Осыған біз ерекше назар аударуымыз керек. Бұл туралы Тіл білімі институтының ғалымдары қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесін алғаннан бері айтып келе жатыр. Себебі жарнама сияқты, маңдайшалардағы жазулар, елдімекен, жер-су аттары сияқты ақпаратты көрсететін жазулар бұлар жалпы тілдің лексикасындағы ономастикалық қабатты құрайды. Кез келген тілдің ономастикалық қабаты былай қарағанда жай ғана бір заттардың аттарынан құралған жиынтық сияқты көрінуі мүмкін. Ал мемлекеттік мәртебе алған, ресми мәртебесі бар тілдің ономастикалық атауларының бірізді болуы ол стратегиялық маңызды мәселе, ол елдіктің, мемлекеттіліктің мәселесі. Сондықтан қай елге барсаңыз да өзінің ақпараттық кеңістігінде атаушы мағынадағы сөздерді өз тілінде рәсімдеп, бекітіп, реттеп, нормалап қояды. Өйткені бұл ономастикалық кеңістік территория кімдікі екенін көрсетеді. Мемлекет қандай мемлекет екенін көрсететін бірден-бір маңызды канал. Сондықтан «Бұл жер Қазақстанның жері, бұл Қазақстан мемлекеті» дегенді көрсететін ақпараттық кеңістік осы ономастикалық кеңістік. Соны біз жарнама –туралы заңда біріздендіруді, реттеуді қолға алғанымыз ерте ме, кеш пе, осылай болса деп тілтанушы ғалымдар еңбектер жазды. Көпшілікке арналған мақалалар жазды. Міне, соның жемісін көріп, заң қабылданды.

Тіл білімі институты бұған өлшеусіз үлес қосты. Қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алған кезде алғашқы жылдары осы проблеманы көтеріп жүрген кімдер? Тілтанушы ғалымдар. Академик Әбдуәли Қайдар, академик Өмірзақ Айтбаев, Шора Сарыбаевтар еді. Ал «қазақ тілінің қоғамның әр саласындағы мәдениетін сақтауымыз керек, сапасына мән беруіміз керек» деп шырылдап жүретіндер тағы да тілтанушылар. Мұның барлығы не үшін керек? Мұның барлығы мемлекеттік тілдің қоғам өміріндегі әрбір саласында сапалы болуы үшін керек. Мұндай жағдай болса бәрі сапалы жүрсе онда коммуникация жақсарды. Коммуникация жақсарған жерде ұлттық бірегейлік қалыптасады. Ұлттық мемлекеттік бірегейлігі күшті болған ел ешқандай ішкі, сыртқы қарсы күштерге беріле салмайды. Өте мықты болады. Міне, сондықтан бұл жерде ерекше еңбек сіңірген Тіл білімі институтының ономастика бөлімінің ғалымдарын атап кету керек. Қыздархан Рысберген деген апайымыз бар. Қазақ тілінде де, орыс тілінде де осы мәселені көтеріп қаншама рет бұқаралық ақпарат құралдарына материал жариялады. Профессор Нұргелі Уәли қазақ тілінің ономастикалық комиссиясының мүшесі және осындай ғалымдарымыздың артынан еріп келе жатқан орта жастағы мамандарымыз жетерлік.

Атап өтер бір жайт, бұл заңнаманың бір ерекшелігі, ономастикалық атаулар ерекше болады. Олар ұлттық бояуын, қалпын сақтайды. Аударсақ, мәнін жоғалтады. Мысалы, Сарыарқаны, Жетісуды аудармаймыз ғой. Сол сияқты әртүрлі тағам атаулары, әртүрлі қазақша қойылған дүкен, мекеме, ұйымдардың аттарын, мысалы «Қызғалдақ» ұйымын Организация «Мак» деп аудармаймыз ғой. Қорытындылай айтқанда, бұл заң қазақтың орфографиялық нормасын жазуды реттейтін болады. Барлық дамыған унитарлы елдерде осындай.

Анар ФАЗЫЛЖАН,
тілтанушы ғалым, Ахмет Байтұрсынұлы
атындағы Тіл білімі институтының директоры.

2022 жылдың ақпан-наурызында Тайынша қаласы мен ауылдық округ әкімдерінің Тайынша ауданының халқымен есепті кездесулерінің барысында айтылған ұсыныстары мен ескертулерін іске асыру жөніндегі іс-шаралар туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 2-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген Тайынша қаласы мен ауылдық округ әкімдерінің есеп беру барысында айтылған ұсыныстары мен ескертулерін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.
2. Аудан әкімі аппаратының басшысы Тайынша қаласы мен ауылдық округ әкімдерінің есеп беру

барысында айтылған ұсыныстары мен ескертулерін орындаушылардың мәліметіне жеткізсін, бұқаралық ақпарат құралдары, мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстары арқылы іс-шараларды орындау барысы туралы халықты уақытылы ақпараттандырсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі Р. Аңбаев.

Тайынша ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 09 наурыздағы № 65 Қаулысымен бекітілген

ТАЙЫНША ҚАЛАСЫ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІНІҢ ХАЛЫҚҚА ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУЛЕРІ БАРЫСЫНДА АЙТЫЛҒАН ХАЛЫҚТЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫ МЕН ЕСКЕРТУЛЕРІН ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

1. Келлеровка ауылындағы Больничная көшесінде қосымша көше жарықтандыру шамдарын орнатуға бола ма? *Перепелица Алексей Афанасьевич, зейнеткер 2022 жылғы 01 шілде* Келлер ауылы Больничная көшесі бойынша көшені жарықтандырудың қосымша шамдарын орнату бойынша шаралар қабылдансын Илиясов Досымжан Сұлтанбекұлы, Келлер ауылдық округінің әкімі

2. Қосымша көше шамдарын орнатуға бола ма? *Жұмабекова Зинеп Хабибуллақызы, пошташы 2022 жылғы 01 шілде* Кантемиров ауылында көше жарығының қосымша шамдарын орнату бойынша шаралар қабылдасын Қасқұлақов Ержан Қайржанұлы, Теңдік ауылдық округінің әкімі

3. Жаңа дәуір ауылындағы 3 фазалық 380 трансформатор орнату мүмкін бе? *Бекмағамбетов Сағдат Серікбайұлы, ЖК басшысы 2022 жылғы 01 шілде* Жаңа дәуір ауылында үш фазалы трансформаторды (380В) орнату жөніндегі мәселені пысықтасын Сағындықов Болат Қуандықұлы, Амандық ауылдық округінің әкімі

4. Краснодарльск ауылындағы Центральная көшесіне қосымша жарықтандыру орнату жоспарлануда ма? *Анатолий Иванович Багнюк, «Поляна» ЖШС агрономы 2022 жылғы 01 шілде* Краснодарльск ауылындағы Центральная көшесіне қосымша көше жарығын орнату бойынша шаралар қабылдасын Жомартов Талғат Базарбайұлы, Краснополян ауылдық округінің әкімі

5. Неліктен «Фирма Котовское-СК» ЖШС қызметкерлерге медициналық сақтанды-

ру жарналарын аудармайды және зейнетақы жарналарын уақтылы аудармайды? *Дейбус Иванна Ивановна, медицина қызметкері 2022 жылғы 01 шілде* «Фирма Котовское-СК» ЖШС басшылығымен қызметкерлерге медициналық сақтандыру жарналарын аудару және зейнетақы жарналарын уақтылы аудару жөніндегі мәселені пысықтасын Қасқұлақов Ержан Қайржанұлы, Теңдік ауылдық округінің әкімі

6. Күншығыс көшесі бойынша көше шамын қосуды сұраймын *Рахымжанов Жанат Орынбасарұлы, өзін-өзі жұмыспен қамтыған 2022 жылғы 01 шілде* Тапшыл ауылы Күншығыс көшесіндегі көше шамын қосу бойынша шаралар қабылдасын Досмұханов Бейбіт Сырымбетұлы, Абай ауылдық округінің әкімі

7. «Қазпочта» АҚ - ның ауылдық бөлімшесінде хаттар мен газеттерді үйге тарату жөніндегі қызметкер-курьер жоқ, бұл мәселені таяу арада шешуге бола ма? *Морозова Мадина Альбертовна, зейнеткер 2022 жылғы 01 шілде* Аққұдық ауылындағы «Қазпочта» АҚ бөлімшесінде курьер – жұмыскердің бос орнын жабу бойынша шаралар қабылдасын Қалиақпаров Ертай Өтепұлы, Алабота ауылдық округінің әкімі

8. Жануарларға бөліну орнатуға бола ма? *Несіпбаев Жаслан Амангелдіұлы, өзнесі қамтыған 2022 жылғы 01 шілде* Жаңа дәуір ауылында жануарларға бөлу орнату бойынша шаралар қабылдасын Сағындықов Болат Қуандықұлы, Амандық ауылдық округінің әкімі

• Адам. Қоғам. Заң.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҮЗДІКСІЗ ОҚЫТУ

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің Превенция басқармасының басшысы Дамир Хабибуллин білім беру саласының қызметкерлеріне онлайн-семинар өткізді.

320 адам қатысқан іс-шараға білім басқармасының, аудандық және Петропавл қ. білім бөлімдерінің ұжымдары, сондай-ақ барлық колледждер мен барлық деңгейдегі мектептердің қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасының негізгі бағыттары жеткізілді.

«Парасаттылық жүйесін қалыптастыру кезінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермейтін жаңа көзқарастар мен өмірлік қағидаттары бар жас ұрпақты тәрбиелеу қағидатты маңызды рөл атқарады. Парасаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тақырыптары білім беру жүйесіне қосылатын болады. Баланы мектепке дейінгіден бастап, әртүрлі жас кезеңдерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы біліммен сүйемелдеп отыру қажет» - сказал Дамир Хабибуллин. Сон-



дай-ақ, бұл жұмыста академиялық адалдық пәрменді құралға айналуға тиіс. Сол арқылы сыбайлас жемқорлыққа әлеуметтік иммунитеті мықты азаматтардың жаңа ұрпағы қалыптасатын болады.

СҚО бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті.

КӨПШІЛІК НАЗАРЫНА

2022 жылдың 11 наурызында сағат 15-00-де «АМАНАТ» («Nur Otan») партиясының ғимаратында Қоғамдық кеңесті азаматтық қоғамнан қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының отырысы бақылаушылардың қатысуымен өтеді.

Күн тәртібінде:

1. Кандидаттардан келіп түскен құжаттарды талқылау және Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Қоғамдық кеңесінің құрамын қалыптастыру, сондай-ақ Қоғамдық кеңеске кандидаттардың резервтік тізімін айқындау;

2. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының қоғамдық кеңесі туралы ережесінің жобасын бекіту туралы.

Аудандық мәслихат

2022 жылғы наурызда аудандық мәслихаттың хатшысымен, облыстық және аудандық мәслихаттың депутаттарымен азаматтарды қабылдау КЕСТЕСІ

№ р/с	Қабылдауды жүргізген тұлғаның тегі, аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны	Қабылдау күні
1	Алпысов Ерлан Сапарбекұлы — облыстық мәслихаттың депутаты, «Племза-вод Алабота» ЖШС-нің басшысы	9 наурыз
2	Латиф Батес — аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша КБАА» ШЖҚ-дағы КМК-ның бас дәрігерінің орынбасары	4 наурыз
3	Бекшенов Сәрсенбай Мұратұлы — аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша ауданы мәслихатының хатшысы	10 наурыз
4	Әбдірахманова Айгүл Бағдатқызы — аудандық мәслихаттың депутаты, «ЗИМ-Экспорт» ЖШС-нің директоры	11 наурыз
5	Трифонов Николай Николаевич — аудандық мәслихаттың депутаты, «ТайыншаКоммунСервис» ЖШС-нің директоры	14 наурыз
6	Ысқақова Диана Еслямбекқызы — аудандық мәслихаттың депутаты, «№ 1 Чкалов орта мектебі» КММ-нің педагог-психологы	16 наурыз
7	Рудницкий Виктор Иванович — аудандық мәслихаттың депутаты, «Дашка-Николаевка СК» ЖШС-нің директоры	18 наурыз
8	Мұхаметғалиева Айгүл Ботақызы — аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша қаласының № 4 орта мектебі» КММ-нің директоры	24 наурыз
9	Жақыпов Данияр Келденбекұлы — аудандық мәслихаттың депутаты, «Данияр-Бидай» ЖШС-нің менеджері	25 наурыз
10	Егінбаев Руслан Елшібайұлы — аудандық мәслихаттың депутаты, «Престиж Агро» ЖШС-нің директоры	28 наурыз
11	Кершис Александр Владимирович — аудандық мәслихаттың депутаты, ДЭУ-65 бастығы	29 наурыз
12	Мергасимов Бауыржан Маратұлы — аудандық мәслихаттың депутаты, «Дарига» ЖК басшысы	31 наурыз

Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау орны: Тайынша қаласы Центральний бұрылысы, 3 «А», «Nur Otan» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы.

Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау уақыты: 11.00.-ден 13.00.-ге дейін.

Мына телефондар арқылы қабылдауға алдын-ала жазылуға болады: аудандық мәслихат — 23072, «Nur Otan» партиясының аудандық филиалы — 22047.

МАЛ ЖАЮ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Темір жолда иесіз үй жануарларының пайда болуы, әдетте, ауыр зардаптарға әкеледі. Жануармен соқтығысу теміржолдарда қараусыз жайылып жүрген малдың өліміне ғана емес, сонымен қатар локомотивтің зақымдалуына байланысты қаржылық шығындарға, жолдың тиісті кідірісіне және жолаушылар мен жүк пойыздарының қозғалыс кестесіндегі ақауларға әкелуі мүмкін. Ең бастысы, шұғыл тежеу нәтижесінде жолаушылар мен локомотив бригадалары мүшелерінің өздері жарақат алу қаупі бар. Тайынша ауданының тұрғындарына, шаруа-фермерлік шаруашылықтардың басшыларына мал жаюға рұқсат етілген аумақта мал жауды және шопанның немесе иелерінің өзі қадағалауын сұраймыз. Темір жолдың бөлінген белдеуінде мал жаюға үзілді-кесілді тыйым салынады, жылжымалы құрамның малға соғылуы салдарынан құқық бұзушылыққа жол берген адамдар үшін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 559-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілік көзделген.

ПЕТРОПАВЛДА ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ОРТАЛЫҒЫНА ЖЕТЕКШІЛІК ЕТЕТІН ҚАЛА ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛДЫ

Петропавлда бірнеше рет пара алу фактісі бойынша Петропавл қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығының директорына қатысты қылмыстық іс бойынша ҚР ҚПК 200-бабының тәртібінде ұсыным қаралды.

СҚО Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің басшысы Жарқын Ғалымовтың айтуынша, Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің бұйрығымен бекітілген Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару ережесіне сәйкес 29 жасқа дейінгі еңбек жастарына берілуі тиіс жатақханалардағы пәтерлер заңсыз беріліп келген.

«9 ай бойы қалалық жұмыспен қамту орталығының басшысы екі ЖШС өкілдерімен бір топта 5 жыл мерзімге жалға берілетін тұрғын үй ұсынғаны үшін еңбек жастарынан жалпы сомасы 4,4 млн. теңге пара алуды бірнеше рет ұйымдастырды», - деді Жарқын Ғалымов.

Нәтижесінде Петропавл қалалық соты жұмыспен қамту орталығының экс-директорына және пара алу фактілері бойынша басқа да тұлғаларға қатысты айыптау үкімін шығарды. Сот үкімімен сыбайлас жемқорлық схемасының әрбір қатысушысы қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Экс-директор өмір бойы мемлекеттік қызмет атқару құқығынан айырыла отырып, 8 жылға бас бостандығынан айырылды. Оның серіктестері, яғни ЖШС өкілдері Д. және Р. ярқайсысы 7 жылға бас бостандығынан айырылды.

Бұдан әрі қылмыстың егжей-тегжейіне СҚО Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің Превенция басқармасының басшысы Дамир Хабибуллин толығырақ тоқталып өтті.

«Өзінің қылмыстық ниетіне қол жеткізу мақсатында директор өзінің қылмыстық әрекетіне онымен қызметтік қатынастармен байланысы жоқ екі азаматты қатыстырды, олардың рөлі жұмыспен қамту жол картасы және еңбек мемлекеттік бағдарламаларының қол-

данылу аясына жататын, тұрғын үйге ықтимал мұқтаж адамдарды іздеу және олардан пәтер бергені үшін ақша қаражатын алу болып табылды. Әрбір берілген пәтер үшін бұл топ 200-ден 800 мың теңгеге дейін заңсыз ақы алған. Тергеу кезегінде жалған еңбек шарттарын және әлеуметтік келісімшарттарды ұсыну арқылы 5 адамның пәтерлерді заңсыз алуы фактісі анықталды. Бұл ретте, тұрғын үй алған 2 азамат өтініш беру кезінде 29 жаста болған», - деді Дамир Хабибуллин.

Спикердің айтуынша, жылыту маусымынан кейін жастардың тағы 5 өкіліне алдын ала пара алу арқылы, жалға берілетін тұрғын үйді беру жоспарда болған. Бүгінгі күні тұрғын үйді заңсыз алу үшін ақша қаражатын берген осы қылмыстық схеманың барлық 10 қатысушысы 3-тен 21,3 млн. теңгеге дейін әртүрлі айыппұлдарға сотталды және олардың біреуі 2 жылға бас бостандығынан айырылды. «Сондай-ақ, қызметтік тұрғын үйді бөлу жөніндегі тұрғын үй комиссиясының отырысы дормальды түрде өткізілгені, жалға берілетін тұрғын үй алуға үміткер тұлғалардың өтініштерін тіркеу журналы жүргізілмегені, пәтер кілттері директордың қарауында болғаны, осылайша жалға берілетін тұрғын үй беруде жеке-дара шешім қабылдағаны анықталды», - деді Хабибуллин.

Қарау қорытындысы бойынша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға сәйкес пәтер берудің ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында тұрғын үйді бөлу жөніндегі комиссияның құрамына жұртшылықты қоса отырып қайта қарау, бизнес процесті цифрландыру, сондай-ақ отырыстардың онлайн-трансляциясын жүзеге асыру ұсынылды. Сонымен қатар, қызметтік міндеттерін тиісінше орындамағаны және ведомстволық бақылаудың жоқтығы үшін қала әкімінің жетекшілік ететін орынбасары тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

ТАЙЫНША ҚАЛАСЫ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІНІҢ ХАЛЫҚҚА ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУЛЕРІ БАРЫСЫНДА АЙТЫЛҒАН ХАЛЫҚТЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫ МЕН ЕСКЕРТУЛЕРІН ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

9. Обуховка ауылына көше жарығының шамдарын қосымша қосу *Қораптағы сұрақ 2022 жылғы 01 шілде* Обуховка ауылындағы көше жарығының қосымша шамдарын қосу бойынша шаралар қабылдасын Әжіғұлов Жұлдыз Асылбекұлы, Драгомиров ауылдық округінің әкімі

10. Драгомировка ауылында 2021 жылы орнатылған көше жарығының кепілдік мерзімі бар ма? Кейбір көше шамдары жанып кетті, оларды ауыстыру керек. *Ридигер Николай Иванович, зейнеткер 2022 жылғы 01 шілде* Драгомировка ауылында 2021 жылы орнатылған көше жарығының жанып кеткен шамдарын ауыстыру бойынша шаралар қабылдасын Әжіғұлов Жұлдыз Асылбекұлы, Драгомиров ауылдық округінің әкімі

11. Киров ауылының көшелеріне қосымша жарықтандыру орнату бойынша жұмыстар жүргізу жоспарлануда ма? *Қораптағы сұрақ 2022 жылғы 01 шілде* Кирово ауылының көшелеріне қосымша жарықтандыру орнату жөніндегі мәселені пысықтасын Күпербаев Рыспек Әлібекұлы, Киров ауылдық округінің әкімі

12. Южное ауылындағы көшені жарықтандыруға сметалық құжаттама әзірлеу жоспарлануда ма? *Васьковский Петр Витальевич, «Южное» ФҚ басшысы 2022 жылғы 01 шілде* Киров ауылының көшелеріне қосымша жарықтандыру орнату жөніндегі мәселені пысықтасын Жомартов Талғат Базарбайұлы, Краснополян ауылдық округінің әкімі

13. Істен шыққан көше жарығының шамын ауыстыруға бола ма? *Александр Францевич Федченко, ШФҚ басшысы 2022 жылғы 01 шілде* Комсомольское ауылы Школьная көшесіндегі көше жарығының шамын ауыстыру бойынша шаралар қабылдасын Ғалиев Абылайхан Файзурахманович, Рошинск ауылдық округінің әкімі

14. Краматоровка ауылына кіре берісте көше жарығының қосымша шамын орнатуға бола ма? *Мялик Роман Григорьевич, өзін-өзі жұмыспен қамтыған 2022 жылғы 01 шілде* Краматоровка ауылына кіре берісте Шоссейная көшесі бойынша көше жарығының қосымша шамын орнату жөніндегі мәселені пысықтасын Ғалиев Абылайхан Файзурахманович, Рошинск ауылдық округінің әкімі

15. Істен шыққан көше жарығының шамын ауыстыруға бола ма? *Оспанов Ғалымжан Рамазанұлы, зейнеткер 2022 жылғы 01 шілде* Сарыбай ауылы Достық көшесіндегі көше жарығының шамын ауыстыру бойынша шаралар қабылдасын Ғалиев Абылайхан Файзурахманович, Рошинск ауылдық округінің әкімі

16. Новоберезовка ауылында абаттандыру бойынша қоғамдық жұмысқа бір бірлік бөлуге бола ма? *Қожебекова Қарашаш Сапарқызы, зейнеткер 2022 жылғы 01 шілде* Новоберезовка селосын абаттандыру бойынша қоғамдық жұмысқа бір бірлік бөлу жөніндегі мәселені пысықтасын Сәдуақасов Сәкен Төкенұлы, Чкалов ауылдық округінің әкімі

17. Өткен жылы Чкалов ауылында Қазыбек би көшесінде жол жөнделді, көше жарығының шамын көбейтуге бола ма? *Қабдушев Асқар Сапарұлы, № 1 Чкалов ОМ мұғалімі 2022 жылғы 01 шілде* Чкалово ауылындағы Қазыбек би көшесіндегі көше жарығының шамдарының санын арттыру бойынша шаралар қабылдасын Сәдуақасов Сәкен Төкенұлы, Чкалов ауылдық округінің әкімі

18. Восточное ауылындағы үйлер бір-бірінен қашықтықта орналасқандығына, сондай-ақ зейнеткерлердің көпшілігінде тұратындығына байланысты көшені жарықтандыру шамдарын энергия үнемдейтін шамдарға ауыстыруды және олардың санын 5 данаға дейін көбейтуді сұраймыз *Дубәкіров Ораз Төлегенұлы «Аубакиров О. Т.» ФҚ басшысы 2022 жылғы 01 шіл-*

де Восточное ауылында көше жарығының шамдарын энергия үнемдейтін шамдарға ауыстыру және олардың санын 5 данаға дейін ұлғайту жөніндегі мәселені пысықтасын Күпербаев Рыспек Әлібекұлы, Киров ауылдық округінің әкімі

19. Биыл Большой Изюм ауылындағы балалар ойын алаңына жөндеу жұмыстарын жүргізуге бола ма, себебі көптеген балалар ғимараттары жарамсыз күйге түсті *Оржаховская Вероника Вячеславовна, жұмыспен қамту орталығының ассисенті 2022 жылғы 01 шілде* Большеизюм ауылындағы балалар ойын алаңын жөндеу бойынша шаралар қабылдасын Жүсіпов Талғат Абзалұлы, Большеизюм ауылдық округінің әкімі

20. Ауыл орталығында Новогречановка ауылы тұрғындарының бос уақытын өткізу үшін күркелер орнатыла ма? *Роман Мария Игнатьевна, зейнеткер 2022 жылғы 01 шілде* Новогречановка ауылы тұрғындарының бос уақытын өткізу үшін күркелер орнату жөніндегі мәселені пысықтасын Мұстаханов Нұрлан Сәрсенғалиұлы, Зеленогай ауылдық округінің әкімі

21. Черниговка ауылында 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқан жерлес жауынгерлерге ескерткіш ауыстыру мүмкін бе? *Ницевич Нина Брониславовна, зейнеткер 2022 жылғы 01 шілде* Черниговка ауылында 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқан жерлес-жауынгерлерге ескерткішті ауыстыру жөнінде шаралар қабылдасын Жомартов Талғат Базарбайұлы, Краснополян ауылдық округінің әкімі

22. Новодворовка ауылында қосымша көше жарығын орнату жоспарлануда ма? *Турченко Александр Васильевич, өзін-өзі жұмыспен қамтыған 2022 жылғы 30 шілде* Новодворовка ауылында қосымша көше жарығын орнату бойынша шаралар қабылдасын Темірбаев Ермұқан Нұрмұқанұлы, Яснополян ауылдық округінің әкімі

23. Любимовка ауылында көше жарықтандыру шамдарын, әсіресе Мир көшесі бойынша қосымша қосу қажет, өйткені осы көше бойынша облыстық маңызы бар «Чкалово-Лавровка» трассасы өтеді. *Мартынюк Петр Владимирович, «Луч» ЖШС директорының орынбасары 2022 жылғы 01 тамыз* Любимовка ауылы Мир көшесі бойынша көше жарығының қосымша шамдарын қосу бойынша шаралар қабылдасын Әжіғұлов Жұлдыз Асылбекұлы, Драгомиров ауылдық округінің әкімі

24. Мұсылман зиратында қоршау жасауға бола ма? *Сағымбаева Күлзипа Жетпісбайқызы, зейнеткер 2022 жылғы 01 тамыз* Мұсылман зиратына қоршау орнату жөніндегі мәселені пысықтасын Илиясов Досымжан Сұлтанбекұлы, Келлер ауылдық округінің әкімі

25. Многоцветное ауылында балалар ойын алаңын орнату жоспарлануда ма? *Қораптағы сұрақ 2022 жылғы 01 тамыз* Многоцветное ауылында балалар ойын алаңын орнату бойынша шаралар қабылдасын Жетібаев Әскер Шайхислямұлы, Чермошнян ауылдық округінің әкімі

26. Қираған иесіз ғимараттарды шығару бойынша жұмыстарды жалғастыру жоспарлануда ма? *Петр Станиславович Левицкий, зейнеткер 2022 жылғы 01 қыркүйек* Донецкое ауылында қираған иесіз ғимараттарды шығару жөнінде шаралар қабылдасын Қахабаев Мұрат Мұхамбетқалиұлы, Донецкое ауылдық округінің әкімі

27. Озерное ауылында балалар үшін ойын алаңын салу мүмкіндігі бар ма? *Фалькенберг Анеля Иосифовна, өзін-өзі жұмыспен қамтыған 2022 жылғы 01 қыркүйек* Озерное ауылында балаларға арналған ойын алаңын салу жөнінде шаралар қабылдасын Қахабаев Мұрат Мұхамбетқалиұлы, Донецкое ауылдық округінің әкімі

Басы 3-бетте ▶

28. Южное ауылында электр беру желілерінің тіректерін ауыстыру талап етіледі *Васьковский Петр Витальевич, «Южное» ФҚ басшысы 2022 жылғы 01 қазан* Южное ауылында электр беру желілерінің тіректерін ауыстыру жөніндегі мәселені пысықтасын Жомартов Талғат Базарбайұлы, Краснополян ауылдық округінің әкімі

29. Красная Поляна ауылында көше жарығының қосымша шамдарын орнатуға бола ма? *Весельская Валентина Цезаревна, зейнеткер 2022 жылғы 01 қазан* Красная Поляна ауылында көше жарығының қосымша шамдарын орнату бойынша шаралар қабылдасын Жомартов Талғат Базарбайұлы, Краснополян ауылдық округінің әкімі

30. Красная Поляна ауылында мал қорымы салынады ма? *Түсініктемелердегі сұрақ 2022 жылғы 01 қазан* Красная Поляна ауылында мал қорымын салу жөніндегі мәселені пысықтасын Жомартов Талғат Базарбайұлы, Краснополян ауылдық округінің әкімі

31. Октябрьское ауылы бойынша көше жарығының 4 шамын орнату бойынша жұмыстар жүргізуге бола ма? *Қасымова Бағила Кәрімжанқызы, өзін-өзі жұмыспен қамтыған 2022 жылғы 01 қыркүйек* Октябрьское ауылында көше жарығының 4 шамын орнату бойынша шаралар қабылдасын Жүсіпов Талғат Абзалұлы, Большеизюм ауылдық округінің әкімі

32. Новоприречное ауылына қосымша көше жарығын орнату жоспарлануда ма? *Лукьяненко Галина Николаевна, зейнеткер 2022 жылғы 01 қыркүйек* Новоприречное ауылында қосымша көше жарығын орнату бойынша шаралар қабылдасын Жүсіпов Талғат Абзалұлы, Большеизюм ауылдық округінің әкімі

33. Новоприречное ауылында көшені жарықтандыру әлсіз, ағымдағы жылы қосымша көше жарығын орнату жоспарлануда ма? *Гүлмира Олжабайқызы Гузеева, «Болашақ» балабақшасының директоры 2022 жылғы 01 қыркүйек* Новоприречное ауылында қосымша көше жарығын орнату жөніндегі мәселені пысықтасын Жүсіпов Талғат Абзалұлы, Большеизюм ауылдық округінің әкімі

34. Ивангород ауылындағы ескерткішке күрделі жөндеу жүргізу қажет. *Тертышная Елена Михайловна, зейнеткер 2022 жылғы 01 қыркүйек* Ивангород ауылындағы ескерткішті күрделі жөндеу мәселесін пысықтасын Әжіғұлов Жұлдыз Асылбекұлы, Драгомиров ауылдық округінің әкімі

35. Мионовка ауылының қоқыс үйіндісін жинау қашан жүргізіледі? *Мендель Сергей Рейнольдovich, өзін-өзі жұмыспен*

қамтыған 2022 жылғы 01 қыркүйек Мионовка ауылында қоқыс үйіндісін үй-мелеу бойынша шаралар қабылдасын Ысқақов Кемел Оралбайұлы, Мионовка ауылдық округінің әкімі

36. Мионовка ауылында Тайынша қаласындағыдай жарық орнату мүмкін бе? *Қораптағы сұрақ: Мовчан Людмила Александровна, зейнеткер 2022 жылғы 01 қыркүйек* Мионовка ауылындағы көше жарығының шамдарының санын арттыру бойынша шаралар қабылдасын Ысқақов Кемел Оралбайұлы, Мионовка ауылдық округінің әкімі

37. Колхозная көшесіндегі үйлерге кіре беріс жасай ма? *Бучинская Елена Алексеевна, Тайынша қ. №2 мектеп мұғалімі 2022 жылғы 01 қазан* Тайынша қаласы Колхозная көшесіндегі үйлерге кіреберістерді жайластыру бойынша шаралар қабылдасын Шпаковский Валерий Анатольевич, Тайынша қаласының әкімі

38. Хоккей алаңының жанына дәретхана қойылса *Қораптағы сұрақ 2022 жылғы 30 қазан* Ясная Поляна ауылындағы хоккей кортының жанына дәретхана орнату мәселесін пысықтасын Темірбаев Ермұқан Нұрмұқанұлы, Яснополян ауылдық округінің әкімі

39. Қалалық зираттың қоршауы нашар жағдайда, зираттың қоршауын жөндеу, ауыстыру бойынша шаралар қабылдана ма? *Мазур Дмитрий Ксенофонович, Новоапостол шіркеуінің попы 2022 жылғы 30 қазан* Тайынша қаласындағы зират қоршауын жөндеу, ауыстыру жөнінде шаралар қабылдасын Шпаковский Валерий Анатольевич, Тайынша қаласының әкімі

40. Локомотив көшесінде шамдарды орнатуға бола ма? *Түсініктемелердегі сұрақ: Шуринова Галина Алексеевна 2022 жылғы 01 қараша* Тайынша қаласының Локомотивная көшесінде қосымша шамдар орнату жөнінде шаралар қабылдасын Шпаковский Валерий Анатольевич, Тайынша қаласының әкімі

41. Талап ауылына ауыз су жеткізуді ұйымдастыруға бола ма? *Садуов Базарбай Меңдібайұлы, өзін-өзі жұмыспен қамтыған 2022 жылғы 30 қараша* Талап ауылына ауыз су жеткізуді ұйымдастыру жөніндегі мәселені пысықтасын Руденко Дмитрий Владимирович, Летовочный ауылдық округінің әкімі

42. Мәдениет ауылындағы скважинаны ауылдық округтің теңгеріміне алуға бола ма? *Мәжімов Бауыржан Зиятдинұлы, Мәдениет ЖББМ директоры 2022 жылғы 30 қараша* Мәдениет ауылында ауылдық округтің теңгеріміне ұңғыма қою жөніндегі мәселені пысықтасын Руденко Дмитрий Владимирович, Летовочный ауылдық округінің әкімі

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Ұстаз мамандығы - елдегі ең қадірлі, ең мерейлі әрі аса жауапты мамандық. Себебі, Қазақстанның болашағы сіздердің қолдарыңызда. Баланың болашағы, оқуда қандай жетістікке жететіні, өмірде қаншалықты табысты, іскер болатыны тікелей ұстазға байланысты десек, артық емес! Оның барлығы білім сапасын арттыруға, кәсіби шеберлікті нығайтуға, мұғалімдердің әлеуметтік мәртебесін жоғарылатуға ықпал ететіні сөзсіз. Ұстаздар Қазақстан азаматтарын өз елінің патриоты және тәрбиелі әрі жауапты адам етіп тәрбиелеп шығатындарыңызға сенімдіміз. Осындай ұлағатты ұстаздардың бірі-Амандық орта мектебінің математика пәні мұғалімі, 40 жылдан аса еңбек өтілі бар –

Алтынай Қазезқызы САЛЫҚОВА.



Талабыңмен танып білген ілімді
Қаладыңыз да, ұстаз болдың бүгінгі.
Жүрегіңді білім-нұрға билетіп.
Жүрсің жеңгей шәкірттерге болып үлгі.

Жалқаулық пен еріншектік танытпай,
Жауһар білім іздедіңіз жалықпай.
Жетелетіп ізгілікке қадамың,
Жүрегіне білім құйдың баланың.

Келдіңіз міне, жасқа-дағы кемелді,
Еткен еңбек көпшілікке еленді.
Тек өзгелер қызығумен қарайды,
Бәйге-сында таң қалдырдың талайды.

Өз ойыңмен ақыл-білім өлшеттің,
Шәкіртті де ізіңе ерген көрсеттің.
Біле білсек, ұға білсек жайыңды,
Көпке еңбегің жас күніңнен тез жетті.

«60» жасқа, білім жолында жүріп келдің,
Жаңа заман бағдарламасын тез меңгердің.
Ғасырыңның құралы да шындығын
Саған ашты — қолыңда ойнап тұр бүгін.

Шындығында маманысың осы істің,
Қазірден-ақ тәжірибеңді бөлістің.
Сіз бүгінгі жас ортаның өкілі,
Ұлағатты ұстаз— еңбегіңнің жемісі.

Табыстарың табыспенен жалғасты,
Әр шәкірттің ғылымменен сырласты.
Сіз оларға білім нұр боп ашылдың,
Ұстазысың алға апарар ғасырдың.

Талаптыға тағылады дүйім сын,
Дос сүйініп, дұшпандарың күйінсін.
Жая берсін қанат қағып өркенің,
Осы бақтың жығып алма желкенің!

Бағдарына айнала алған баланың,
Қарт ұстазға үміт артты заманың.
Өзің жайлы берілетін баға көп,
Сіз бүгінгі нағыз ұстаз — педагог!

Ұстаз, ұстаз!!! Осы сөзде жатыр қанша ұлылық,
Осы сөзде таусылмайтын жылылық. Бар байлығым
шәкірттерім сен дейтін! Құрметті ұстаз, алтын да
сабырлы, қымбатты жеңгеміз, Алтынай! Сізді шын
жүректен мерейлі де әдемі жасыңызбен құттықтай-
мыз! Ұзақ өмір, қажымас қайрат, таусылмас бақыт,
ұзақ өмір, зор денсаулық, талмас қанат тілейміз!
Отбасыңызға береке мен бақыт!

«Мектептің жүрегі», «Бала жанының бағбаны»...
Отбасының аяулы анасы, адал жар, Жақсы дос-құр-
бы, біздің ақылшы жеңгеміз Алтынай Қазезқызы!
Туған күніңізбен!

Ақ тілекпен: қайыңыз -Қайрат,
келіңіз -Ризагүл.

Меншік иесі: «Тайынша таңы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып,
мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу
жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігінде 2005 жылғы 14 желтоқсанда тіркеліп №6652-Г
куәлігі берілген

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.»
ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы,
Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 89 Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша қаласы, Астана көшесі, 165-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715-36) 2-36-96

Жарияланған мақала авторларының пікірлері
редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба
қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап
жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен
материалдардың мазмұны мен мәтініне
хабарлама беруші автор өзі жауапты.